

Л.К. Ермекбаева<sup>1</sup>, І.С. Кеңесбекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМУ

*Аңдатпа*

Мақалада болашақ педагог-психологтардың эмоционалды зияткерлігін зерттеу нәтижелері ұсынылған. Эмоционалды және әлеуметтік зияткерлік Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті түлегінің атрибуты болып табылады. Болашақ педагогтар үшін Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатының стратегиялық бағдарлары мен басым бағыттары мәнмәтінінде тьютордың рөлін игеру өте маңызды.

«Эмоционалды зияткерлік» пәні жалпы білім беретін пәндер циклінің таңдау компонентіне жатады. Жұмыс жүктемесі 6 кредитті құрайды, оның ішінде 15 сағат дәріс, 30 тәжірибелік, 98 БӨЖ және 7 БОӨЖ сабақ түрлеріне берілген.

Курстың мақсаты – студенттердің эмоционалды зияткерлік және икемді дағдылар туралы түсініктерін кеңейту; өз эмоциялары мен қоршағандардың эмоцияларын басқару және реттеу бойынша тәжірибелік дағдыларды игеру; жеткіншектер мен жасөспірімдердің эмоционалды зияткерлігі мен икемді дағдыларын (Soft Skills) дамыту бойынша сарапшыларды даярлау.

**Түйін сөздер:** эмоционалды зияткерлік, эмпатия, эмоционалды хабардарлық, өз эмоцияларын басқару, басқа адамдардың эмоцияларын тану, өзін-өзі ынталандыру.

Ермекбаева Л.К.<sup>1</sup>, Кеңесбекова І.С.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет,  
Алматы, Казахстан

## РАЗВИТИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ

*Аннотация*

В статье представлены результаты исследования эмоционального интеллекта будущих педагогов-психологов. Эмоциональный и социальный интеллект является атрибутом выпускника Казахского национального женского педагогического университета. Будущим педагогам очень важно освоение роли тьютора в контексте стратегических ориентиров и приоритетных направлений государственной образовательной политики Казахстана.

Дисциплина «Эмоциональный интеллект» относится к циклу общеобразовательных дисциплин к компоненту по выбору. Рабочая нагрузка составляет 6 кредитов из которых 15 часов лекций, 30 практических, 98 СРО и 7 СРОП.

Целью изучения курса является расширение представления студентов об эмоциональном интеллекте и гибких навыках; приобретение практических навыков по управлению и регуляции собственных эмоций и эмоций окружающих; подготовка экспертов по развитию эмоционального интеллекта и гибких навыков (Soft Skills) у детей подросткового и юношеского возраста.

**Ключевые слова:** эмоциональный интеллект, эмпатия, эмоциональная осведомленность, управление своими эмоциями, распознавание эмоций других людей, самомотивация.

Ermekbayeva L.K.<sup>1</sup>, Kenesbekova I.S.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh national women's teacher training university,  
Almaty, Kazakhstan

## DEVELOPMENT OF EMOTIONAL INTELLIGENCE OF FUTURE TEACHERS-PSYCHOLOGISTS

*Abstract*

The article presents the results of a study of the emotional intelligence of future teachers-psychologists. Emotional and social intelligence is an attribute of a graduate of the Kazakh National Women's Teacher Training University. It is very important for future teachers to master the role of a tutor in the context of strategic guidelines and priorities of the state educational policy of Kazakhstan.

The discipline «Emotional intelligence» refers to the cycle of general education disciplines to the component of choice. The workload is 6 credits, of which 15 hours of lectures, 30 practical, 98 SRO and 7 SLINGS.

The purpose of the course is to expand students' understanding of emotional intelligence and flexible skills; to acquire practical skills in managing and regulating their own emotions and the emotions of others; to train experts in the development of emotional intelligence and flexible skills (Soft Skills) in adolescent and adolescent children.

**Keywords:** *emotional intelligence, empathy, emotional awareness, managing your emotions, recognizing other people's emotions, self-motivation.*

## КІРІСПЕ

Жоғары білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде кәсіптік білім беру жүйесіне, маман-дарды даярлау деңгейі мен сапасына, кәсіби-маңызды сипаттамалардың қалыптасу ерекшеліктеріне қойылатын талаптардың өсуі байқалады, бұл айтарлықтай дәрежеде болашақ педагогтардың кәсіптік даярлығына да қатысты болады [1].

Болашақ педагог студенттерді заманауи оқыту және мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру кәсіби тәжірибе мәселелерін зерттеуді, оларды шешу әдістерін әзірлеуді және жоғары өнімді мамандарды оқыту мен дамытудың жаңа тиімді әдістерін іздеуді қамтитын жаңа тәсілдер мен тұжырымдамаларды құрумен қамтамасыз етіледі [2].

Кәсіби қызметтегі табыс пен сапа негізінен құзыреттіліктің екі түрінің болуы мен даму дәреже-сіне байланысты болады: интеллектуалды және эмоционалды. Интеллектуалды құзыреттіліктер академиялық немесе когнитивті зияткерлікке (IQ) негізделсе, эмоционалды құзыреттіліктер эмоционалды зияткерлікке (EQ) негізделеді [3].

Көп жағдайда, жоғары мектепте академиялық құзыреттіліктер немесе академиялық зияткерлік (IQ) қалыптасады және бағаланады, бұл болашақ кәсіби қызметте жоғары өнімділік пен сәттілікке кепілдік береді, ал эмоционалды құзыреттілік немесе эмоционалды зияткерлік (EQ) жайлы айтар болсақ, ол әрқашан екінші реттік, елеусіз болып қала берген. Теориялық тұрғыдан эмоционалды зияткерлік тұжырымдамасы аффективті және интеллектуалды үдерістердің бірлігі пікірін ұстанады [4].

Эмоционалды-ерікті аймақ, интеллект, болашақ педагогтың кәсіби маңызды қасиеттері мен өзіндік санасы мәселелері бойынша психологиялық әдебиеттерді талдау "педагогтың эмоционалды зияткерлігі" ұғымының дәл анықтамасын тұжырымдауға мүмкіндік берді. Бұл когнитивті, мінез-құлықтық және эмоционалды қасиеттердің жиынтығын қамтитын күрделі интегративті құрылым, ол тұлғаның өз эмоциясы мен қоршағандардың эмоциясын ұғынуды, түсінуді және реттеуді қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде тұлғааралық өзара қатынастардың сәттілігіне және тұлғалық дамуға әсерін тигізеді [5].

Тәжірибе тұрғысынан алғанда, бұл конструкт адамның өмірі мен іс-әрекетінің әртүрлі салаларындағы жетістіктерін зерттеуге байланысты дамыды. Эмоционалды зияткерлік - бұл мұғалімнің оқушылардың және өзінің эмоционалды күйлері мен сезімдерін ұғыну, қабылдау және реттеу қабілеті [5].

Өзіне және кәсіби қызметіне қанағаттану сезімін сезінетін мұғалім оқушылармен қарым-қатынас кезінде мазасыздық пен іштей кернеуді сезінбейді. Барабар өзін-өзі бағалаумен өзіне деген жағымды қатынас қалыптасқан мұғалім, балалармен де оңай байланысқа түсе алады, олардың сөзсіз қабыл-дануына қабілеттілік байқатады. Өзінің жеке және кәсіби құзыреттілігіне сенімді мұғалім бала-лардың өзін-өзі бағалауы мен өзіне деген қатынасына жағымды әсер етеді, олардың оқу іс-әрекетінде жетістікке жетуге ұмтылысын ынталандырады. Нәтижелі мұғалімнің эмоционалды зияты, ең алды-мен, эмпатияның, коммуникативті толеранттылықтың қалыптасуымен, өзін-өзі бағалау мен талаптар деңгейінің барабарлығымен, өзіне және өзінің құзыреттілігіне сенімділігімен анықталады [6].

Эмоционалды зияткерліктің дамуы эмоционалды белгілерді бара-бар тану, талдау және басқаларға беру қабілетінің арқасында тұрақсыз жағдайларда субъектінің өзін тұрақты сезінуіне мүмкіндік береді.

Осылайша, бірқатар зерттеулерде эмоционалды зият адам тіршілігінің табыстылығының негізгі факторы ретінде (Р.К. Купер, Д.Гоулман, Х.Вейзингер және т.б.), психикалық және

физикалық денсаулықтың алғышарты ретінде (Дж.Сиаррочи, Ф.П. Дин және С.Андерсон және т.б.), студенттердің өнімді әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің факторы ретінде (С.П. Деревянко), тиімді басқару қызметінің шарты және факторы ретінде (А.С. Петровская, И.А. Егоров, Т.А. Панкова және т.б.), математикалық дарынды жоғары сынып оқушыларының тұлғалық әлеуетінің маңызды элементі ретінде (О.А. Айгунова) қарастырылған [7].

Х.Вайсбах, В.Дакс эмоционалды зиятты өзінің эмоционалды өмірін «ақылға сай» басқара білу қабілеті ретінде қарастырады. Эмоционалды зият серіктестік қатынаста байқалады, кәсіби және жеке жетістіктермен бір мәнмәтінде аталады [8].

Осыған орай, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде 2020-2021 оқу жылында қазақстандық жоғары оқу орындары арасында алғашқылардың бірі болып университеттің екі жоғары мектебінде бастапқыда 3 кредит, содан кейін 5 кредит көлемінде «Эмоционалды зияткерлік» пәні енгізілді.

«Эмоционалды зияткерлік» пәнінің оқу-әдістемелік кешені әзірленіп, оны білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы (Syllabus), дәрістер мен тәжірибелік сабақ, СӨЖ бен СОӨЖ, пайдаланылатын әдебиеттер тізімі, глоссарий, пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу картасы және білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау мен бағалау жөніндегі материалдар құрайды.

Курстың мақсаты - студенттердің эмоционалды зияткерлік және икемді дағдылар туралы түсініктерін кеңейту; өз эмоциялары мен қоршағандардың эмоцияларын басқару және реттеу бойынша тәжірибелік дағдыларды игеру; жеткіншектер мен жасөспірімдердің эмоционалды зияткерлігі мен икемді дағдыларын (Soft Skills) дамыту бойынша сарапшыларды даярлау.

### **ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ**

Бағдарлама университеттің оқу үдерісіне енгізілмес бұрын, біз студенттерге Н.Холлдың эмоционалды зият деңгейін анықтау тестін жүргіздік [9]. Әдістеме эмоционалды зияткерліктің төрт компонентін анықтайды: эмоционалды хабардарлық, өзінің эмоцияларын басқара білу, өзін-өзі ынталандыру, эмпатия және басқалардың эмоцияларын тану.

Экспериментке барлығы 77 сыналушы қатысты. Бұл қазақ тілінде білім алатын педагогика және психология мамандығының 1 курс студенттері. Сыналушылардың жас шамасы 17 мен 19 жас аралығын қамтыды.

71,4% студенттің эмоционалды хабардарлығы және эмоциялардың жағымды спектрін қабылдау қабілеті жеткілікті деңгейде дамығандығы анықталды. Бұл сыналушылардың көпшілігі өз эмоция-ларын ұғынатынын және түсінетінін, сонымен қатар эмоциялар сөздігін үнемі толықтырып отыра-тынын дәлелдейді. Эмоционалды хабардарлығы жоғары адамдар басқаларға қарағанда өздерінің ішкі хәл-күйі туралы көбірек біледі деп саналады.

Зерттеу барысында эмпатия сияқты тұлғалық қасиет бойынша алынған деректер сыналушылардың 66,2%-да жоғары және орташа деңгейлерде екенін айта кеткеніміз жөн.

Эмпатия басқаның күйіне ортақтаса білу ретінде сипатталады. Серіктеспен өзара қатынас барысында эмпатия білдіру жоғары мектеп педагогы мен қызметі адамдармен тікелей байланысты барлық мамандар үшін кәсіби қажетті қасиет ретінде қарастырылуы мүмкін [10].

Студенттердің 72,2%-да өз эмоцияларын басқару бойынша ең төменгі көрсеткіштер анықталды - бұл жағымды және жағымсыз сезімдерге ашық болуға көмектесетін эмоционалды және ақыл-ой дамуы үшін қажет эмоциялардың рефлексивті реттелуі болады.

Сонымен қатар, өзін-өзі ынталандырудың төмен деңгейі (67,5%) анықталды. Бұл адамның саналы таңдауына негізделген және оның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған өзіндік мотивтерді құру, қолдау және дамыту үдерісі.


Көптеген студенттерде басқалардың эмоцияларын басқару, басқа адамдардың эмоционалды күйіне әсер ету мүмкіндігінің төмен деңгейі (66,2%) анықталды.

1 суретте Н.Холлдың әдістемесі бойынша студенттердің эмоционалды зияткерлігі деңгейінің нәтижелері ұсынылған, мұнда эмоционалды зияттың әрбір жағы бөлек ұсынылған. Бұл көрністі сандық көрсеткіштің азаюы ретінде ұсынуға болады (%):

- өз эмоцияларын басқарудың төмен деңгейі - 72,7%;
- өзін-өзі ынталандырудың төмен деңгейі - 67,5%;
- басқа адамдардың эмоцияларын танудың төмен деңгейі - 66,2%;
- эмпатияның төмен деңгейі - 33,8%;
- эмоционалды хабардарлықтың төмен деңгейі - 28,6%.

Осыған орай, болашақ педагогтардың эмоционалды зияткерлігі мен икемді дағдыларын дамыту үшін арнайы пән әзірлеу қажеттілігі туралы сұрақ туындап отыр.

**Сурет 1 - Студенттердің эмоционалды зияткерлігін оқытуға дейін зерттеу нәтижелері (%)**



«Эмоционалды зияткерлік» курсының тиімділігі оның компоненттерінің көрсеткіштерінің өзгерісі бойынша оқытуға дейін және кейін деген екі деңгейде бағаланды.

Сабақ беру барысында көпшілік студенттердің сезімдер мен эмоциялардың тұлға психикасы үшін қандай қызмет атқаратынын түсінбейтіні анықталды. Мысалы, «Эмоциялардың пайдасы тәжірибесін» орындау барысында олар әрбір эмоциялардың (қорқыныш, қызығу, таңғалу, сенім, жиіркену, қуаныш, ашу) мықты жақтарын ашып көрсетуі керек болған. Ол үшін оларға тәжірибе-карточка беріліп әрбір эмоцияның секторына осы эмоцияның жағымды жақтарын жазу тапсырылды. Мысалы, биіктен қорқу біздің өмірімізді қорғайды және т.с.с.

Олардың көпшілігінде жағымсыз күйзелістер - дисфункционалды және жағымды күйзелістер – функционалды деген көзқарас қалыптасқан екен. Сондықтан, оларға кез келген күйзелістің маңыз-дылығын түсіндіру қажет болды. Адамда болатын барлық эмоциялардың қарқындылық деңгейлері болады. Олар әлсіз қарқынды, мысалы, қауіп, толғаныс, және жоғары қарқынды эмоциялар мысалы, зәреңнің ұшуы, паталогиялық аффект болып бөлінеді.

Эмоция жоғары қарқынды күйзеліс деңгейіне жеткенде психикалық үрдістер дұрыс жұмыс істемейтіні мәлім. Қабылдаудың тұтастығы бұзылады. Зейін бытыраңқы, тұрақсыз болып, ес, ойлау үдерістерінің жұмысы нашарлайды. Ойлау баяулайды, я болмаса шапшаңдай бастайды, сондай-ақ ойлаудың мақсаттылығы бұзылуы мүмкін. Міне, бұл дисфункционалды күйзелістердің салдары болып табылады.

Бірқалыпты қорқыныш пен мазасыздықтың нақты қызметтері бар. Қорқыныш пен мазасыздық әрүрлі жағдайларды болжауға және коппинг-мінез-құлықты құруға мүмкіндік береді, олар болмаса, бізде коппинг-мехнизмдер қалыптаспас еді. Жағдайды алдын ала болжау қабілеті болмас еді. Олар психикаға болашақ жағдайдың барлық мүмкін боларлық (ықтимал) нұсқаларын алдын ала болжауға, жорамалдауға, жоспарлауға мүмкіндік береді.

Сонымен, функционалды күйдегі ашу (көңілі толмау) – әрекетке ынталандырады;

– кайғы (мұң) - бейімді емес түсініктерді қайта бағалауға, талдауға қатысады;

– ұят және кінә сезімі – әлеуметтік күйзелістер (қоғамдағы мінез-құлықты түрлендіреді – бұл базалық болып саналмайтын жалғыз күйзелістер. Өзінің функционалды мәнінде адамның өз мінез-құлқын және басқа адамдардың мінез-құлқын басқару үшін қажет;

– жиіркену – бұл функционалды күйдегі өте маңызды сезім, ол біздің қасымызда болатын бір нәрсенің қауіпті екендігін көрсететін белгі болып саналады;

- жақтырмау – бұл адаммен арақашықтықтың өте жақын екендігін білдіретін белгі, яғни арақашықтықты арттыру керек, ресми қатынасқа ауысу керек;
- сасқалақтау – бұл адамның ұғымдық аппаратына жаңа ақпарат түскенін білдіретін сезім, бірақ оның әлі қайта ұғынылмағанын көрсететін белгі болып саналады;
- үмітсіздік – бұл үміттің үзілгендігін білдіретін белгі, қандайда бір армандардың, иллюзиялардың, бейімді емес үміттердің бұзылуы.

Осылайша аталған күйзеліс функционалды күй деңгейінде, әлсіз қарқынды немесе қалыпты деңгейде болуы керек екендігі түсіндірілді. Біздің міндет сезімді бірден жою және оны өзгерту емес, дисфункционалды күйзелістің қарқындылығын азайту, оны функционалды ету. Бірқалыпты күйзеліске ұмтылу. Бұл адамның дисфункционалды күйзелістеріне қатысты басты міндет болып саналады.

Мысалы, депрессияны – мұңға айналдыру. Мазасыздықты - алаңдауға. Кінәні – өкінішке. Ашуды - абыржуға (қанағаттанбау, көңілі толмау). Ұятты – қымсынуға (қысылу, өкіну). Жиіркену, елемеу емес - жақтырмау. Долдану, қаһарлану, ашу емес - абыржу немесе көңілі толмау. Байбалам салу, зәренің ұшуы, қорқыныш, мазасыздық емес - алаңдаушылық, қауіптену.

Міне, сол себепті, әрбір жағдайда адамның не сезінетінін түсіну, теңестіре, сәйкестендіру білу, оны атай білу өте маңызды. Себебі, бұл адамға өзімен болып жатқан жағдайды талдауға, саналы ұғынуға, қандай себептермен мұндай сезім орын алғанын түсінуге мүмкіндік береді. Адамды өз күйзелістерін басқаруға және әсер етуге қабілетті ете алады.

Осылайша, өзіндік күйзелістерді басқару үшін:

1. Эмоцияларды сәйкестендіру және олардың қарқындылығын анықтау қабілеті.
2. Эмоционалды күйлердің себептерін түсіну.
3. Өзіндік күйзелістерге әсер ете білу қабілетіне үйрену керек.

Сабақ барысында дисфункционалды күйзелістермен жұмыс істеу үшін студенттермен когнитивті мінез-құлықтық психотерапияда қолданылатын мынандай жаттығу пайдаланылды. Егер сіз жағымсыз сезімді сезінсеңіз, онда:

- 1 қадам – сезімді идентификациялау (анықтау, атау)/сәйкестендіру;
- 2 қадам – сезімдердің қарқындылығын анықтау, оларды ұпай немесе пайыз түрінде шкалалау.
- 3 қадамы – сезімдердің себебін анықтау (көмек беруші сұраққа жауап беру – «Осы күйзелістің негізінде қандай ойлар, сенімдер, көзқарастар бар?»).

4 қадам – осы дисфункционалды күйзелістің орнына, адамның қалаған сезімін анықтау («Мұның орнына қандай сезімді қалайсыз?» – деген сұрақ қойылады). Мысалы, ол өкпені 9 ұпайға сезінеді, бұл өте күшті, жоғары қарқынды сезім. Осы жағдайда адам жоғары қарқынды өкпенің орнына қандай сезімді қалайтынын, мүмкін ол өкпені қалайтын шығар, бірақ 3 ұпаймен бағаланатын әлсіз қарқынды немесе қалыпты деңгейдегі өкпе болуы мүмкін.

Не себепті бұл қадам өте маңызды, өйткені көпшілік адамдар ешқандай сезім сезінгісі келмейтінін айтады. Біздің психикамыздың энергияны сақтау заңдылығы бойынша бір нәрсе болған жерде ешнәрсе болмауы мүмкін еместігі туралы ақпараттандыру керек. Өкпенің орнына басқа сезім міндетті түрде қажет, ол қандай сезім болуы мүмкін. Сонымен, сіз оның қандай сезімді қалайтынын және оның қандай қарқындылықта болатынын анықтауыңыз қажет.

Кесте 1 – Студенттердің эмоционалды зияткерлігін оқытудан кейін зерттеу нәтижелері

| № | Эмоционалды зияткерлік көрсеткіштері | жоғары |      | орташа |      | төмен |      |
|---|--------------------------------------|--------|------|--------|------|-------|------|
|   |                                      | абс.с  | %    | абс.с  | %    | абс.с | %    |
| 1 | Басқа адамдардың эмоцияларын тану    | 8      | 10,4 | 40     | 51,9 | 29    | 37,7 |
| 2 | Эмпатия                              | 20     | 26   | 50     | 64,9 | 7     | 9,1  |
| 3 | Өзін-өзі ынталандыру                 | 9      | 11,7 | 42     | 54,5 | 26    | 33,8 |
| 4 | Өз эмоцияларын басқару               | 7      | 9    | 35     | 45,5 | 35    | 45,5 |
| 5 | Эмоционалды хабардарлық              | 22     | 28,6 | 35     | 45,5 | 20    | 25,9 |

«Эмоционалды зияткерлік» пәні жалпы білім беретін пәндер циклінің таңдау компонентіне жата-ды. Жұмыс жүктемесі 6 кредитті құрайды, оның ішінде 15 сағат дәріс, 30 тәжірибелік, 98 БӨЖ және 7 БОӨЖ сабақ түрлеріне берілген. Бағдарламаның мазмұнын болашақ педагогтардың эмоционалды зияткерлігі мен психологиялық мәдениетін дамыту бойынша диагностикалық

әдістемелер, тәжірибе-лік жаттығулар, бейне сабақтар, шебер дәрістер, вебинарлар, фильмдер мен кітаптар кешені құрайды.

Қайта тестілеу барысында келесідей нәтижелер алынды:

- эмоционалды хабардарлық деңгейі 2,7%-ға;
- эмпатия 24,7%-ға;
- өзін-өзі ынталандыру 33,7%-ға;
- өз эмоцияларын басқару 27,2%-ға;
- басқа адамдардың эмоцияларын тану 28,5%-ға өсті.

Н.Холлдың әдістемесі бойынша студенттерді эмоционалды зияткерлік деңгейін оқытудан кейінгі зерттеу нәтижелері 1 кестеде ұсынылған. Оқуды аяқтағаннан кейін студенттердің эмоционалды зияткерлігінің барлық көрсеткіштері дамудың төмен деңгейінен орташа және жоғары деңгейге ауысты деген қорытынды жасауға болады.

Мұндай нәтижелерге бағдарламада қамтылған «Эмоциялар қорапшасы», «Эмоциялар тілі», «Мен бүгін қандай сезімдемін», «Эмоционалды фотоальбом-саяхат», «Эмоциялар мен түстер», «Эмоциялар компасы», «Эмпатия картасы» және т.б. сияқты тәжірибелерді енгізу арқылы қол жеткіздік.

Белсенді мәселелі-бағдарлы оқыту басқа адамдардың эмоцияларын тануға, ішкі жан дүниесін түсінуге және өзін басқа адамның орнына қойып көру, яғни өзін-өзі бағалау қабілетін дамытуға әсер етті. Басқа адамды бағаламай, тап сондай қалпында қабылдау, адамдар мінезі мен өзіндік ерекшеліктерінің алуан түрлілігін қабылдаудан байқалатын толеранттылық - төзімділік деңгейі де барынша көтерілді. Студенттерде өзіне деген сенімділік, ассертивті мінез-құлық, яғни өз көзқарастары, ұстанымдарын қорғай білу, өзін-өзі кемсітпей және өктемшілдік танытпай мақсаттарына жету қабілеті артты. Басқа адамдарды түсіну және олардың эмоционалды күйлерін тани білу өзін-өзі қабылдау мен шынайы талаптарды қалыптастыруға ықпал етті.

Осылайша, алынған деректер академиялық оқыту үдерісінде студенттерде эмоционалды зияткерліктің барлық көрсеткіштерінің орташа деңгейі, яғни басқа адамдардың және өздерінің эмоционалды күйлері мен сезімдерін түсіну, қабылдау және реттеу қабілетін қалыптастырғанын көрсетті.

Сабақтар аяқталғаннан кейін студенттерден кері байланыс алынды, бір студент былай деп жазған екен:

*«Мен эмоционалды зияткерлік пәнін оқымай тұрып, басқа адамдардың сезімдері туралы ойланбайтынмын. Барлық жағдайға бір жақты көзқараспен қарайтынмын.*

*Уақыт өте келе, менің көзқарасым да өзгеріп, өз өмірімдегі түрлі жағдайларға басқаша қарай бастадым, менің орнымда болса, сол күйге түскен адам қандай ойда, қандай сезімде болады екен деп ойлана бастадым.*

*«Қатесіз адам болмайды» дегендей, қазіргі уақытта мен тек басқалардың ғана емес, өзімнің де эмоцияларымды түсіне бастағандаймын. Мен өзімді әлдеқайда жақсы және еркін сезіне бастадым. Алайда, әлі де көп жұмыс істеуім керек!*

*Өйткені, бұл жұмыс осымен тоқтап қалмайды.*

*Осы курс үшін алғысым шексіз, бұл өте пайдалы тәжірибе болды!»*

Осыдан, эмоционалды зияткерлік сабағыадам ойының өзіне бағытталуын, өз іс-әрекетін талдау және бағалау қабілетін, яғни сыни рефлексияны дамытатынын көріп отырмыз.

*Эмоционалды зияткерлік пәні маған өте жағымды әсер етті және ол аяқталғаннан кейін біраз уақыттан соң, мен өзімнің жан дүниемде бір өзгерістер болғанын түсіндім. Өзімнің жетілгенімді және өзімді түсінуімнің де кеңейгенін сезіндім. Маған тәжірибелердің көпшілігі ұнады, әсіресе, ақыл-ой және шығармашылық тапсырмаларды ерекше атап өткім келеді. Олар маған өзімді жақсы тани түсінуіме және өз эмоцияларыма басқа адамдардың көзімен қарауға көмектеседі. Мен енді алдыма қол жеткізе алатын және жүзеге асыруға шамам келетін нақты мақсаттар қоя бастадым. Қолымнан көп нәрсе келе бастады және бастаған ісімді аяғына дейін жеткізетін болдым. Курста өткен тәжірибелердің өмірлік мәні зор екенін ұғындым, сондықтан өзімнің педагог-психолог мамандығымда оларды оқушылармен жұмыс жасауда қолданатын боламын. Менде эмоционалды зияткерлік пәні туралы тек жағымды әсер қалды, ол менің тұлғалық жағынан өсуіме ерекше әсер етті.*

Адам өзінің ішкі күйін тануы, өзін басқа адамның орнына қоя білуі үшін жағдаятты ойша елестете білу керек. Бұл міндет осы пән арқылы толық шешіледі деуге болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, эмоционалды зияткерлік – бұл педагогикалық шеберліктің тұлғалық ажырамас құрамдас бөлігі, өйткені тек толық қалыптасқан, жетілген тұлға ғана өзге толыққанды және жетілген тұлғаны тәрбиелей алады. Мұғалімнің негізгі педагогикалық міндеті – білім беру, дағды мен іскерліктерді қалыптастыру емес, балалардың танымдық белсенділігін ояту, педагогикалық қарым-қатынас және оқушылармен диалог арқылы оқыту және танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады. Педагогикалық ықпалды таңдамас бұрын баланың эмоционалды күйін есепке алу, дидактогенияның, эмоционалды құлдыраудың алдын алынуы, «ересек – бала» жүйесіндегі жоғалған сенімді қатынастарды қалпына келтіру және сақтау қажеттігін есте ұстауы тиіс [11].

ЖОО педагог-психологтарды кәсіби даярлау үдерісі студенттердің тұлғалық дамуының оңтайлы деңгейін қамтамасыз ететін және олардың еңбек нарығындағы кәсіби дайындығы мен бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін арттыратын олардың эмоционалды зияткерлік дамуына жағдай жасауды көздеуі керек.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Печеркина А.А. Развитие профессиональной компетентности педагога: теория и практика: монография / А. А. Печеркина, Э. Э. Сыманюк, Е. Л. Умникова: Урал. гос. пед. ун-т. – Екатеринбург, 2011. – С. 21.

2. Манойлова М.А. Акмеологическое развитие эмоционального интеллекта учителей и студентов педагогических учебных заведений. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата психологических наук. Санкт-Петербург, 2004. – С. 5.

3. Юрьева О.В. Эмоциональный интеллект и особенности самоактуализации личности. Вестник Пермского национального исследовательского политехнического университета. Психологические науки. 2019, №1. – С. 56-57.

4. Рысбекова А.К., Абдраим А., Маннапова У.С. Эмоциональный интеллект как основа профессиональной успешности будущего учителя. Вестник Национальной Академии наук Республики Казахстан. 2022 №4. – С. 159-160.

5. Фетисов А.С. Педагогическая концепция формирования профессиональных качеств педагога в контексте здоровьесберегающей образовательной среды (система повышения квалификации). Диссертация на соискание ученой степени доктора педагогических наук. 13.00.08 – теория и методика профессионального образования. Воронеж, 2019. – С. 32-33.

6. Самусенко И.Л., Травина С.А., Яничева Т.В. Повышение уровня эмоционального интеллекта на основе педагогического самоменеджмента учителя современной школы: Монография. – Тверь, 2017. – С. 9-10.

7. Краснов Е.В. Эмоциональный интеллект в личностной регуляции принятия решений диссертация на соискание ученой степени кандидата психологических наук. 19.00.01 – Общая психология, психология личности, история психологии. - Москва, 2018. – С. 67-68.

8. Руссу Е.И. Эмоциональный интеллект как важный и надежный предиктор при определении личного и профессионального успеха у студентов-педагогов. Журнал «Наука і освіта», №1-2, 2013. – С. 77-78.

9. Шабанов С., Алешина А. Эмоциональный интеллект. Российская практика. Издательство: Манн, Иванов и Фербер, 2022. – С. 55-56.

10. Сизикова М.В. Эмпатия как личностная черта и профессиональное качество психологов-консультантов с различным стажем практической деятельности. Резюме диссертации на соискание ученой степени кандидата психологических наук НИУ ВШЭ (PhD HSE). – Москва, 2018. – С. 18-19.

11. Серафимович И.В., Посысов Н.Н. Эмоциональный интеллект — предиктор профессионализма педагога? Научно-публицистический журнал «Образовательная политика». 19.00.07 — Педагогическая психология (психологические науки). 2020, №2. – С. 106–114.

### References

1. Pecherkina A.A. Development of professional competence of a teacher: theory and practice: monograph / A. A. Pecherkina, E. E. Simanyuk, E. L. Umnikova: Ural State Pedagogical University. un-T. – Yekaterinburg, 2011. – p. 21.

2. Manoilova M.A. Acmeological development of emotional intelligence of teachers and students of pedagogical educational institutions. Abstract of the dissertation for the degree of Candidate of Psychological Sciences. St. Petersburg, 2004. – p. 5.

3. Yuryeva O.V. *Emotional intelligence and features of personality self-actualization. Bulletin of Perm National Research Polytechnic University. Psychological sciences. 2019, No. 1. – p. 56-57.*
4. Rysbekova A.K., Abdraim A., Mannapova U.S. *Emotional intelligence as the basis of professional success of a future teacher. Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. 2022 No. 4. – p. 159-160.*
5. Fetisov A.S. *Pedagogical concept of the formation of professional qualities of a teacher in the context of a health-saving educational environment (professional development system). Dissertation for the degree of Doctor of Pedagogical Sciences. 13.00.08 – theory and methodology of vocational education. Voronezh, 2019. – p. 32-33.*
6. Samusenko I.L., Travina S.A., Yanicheva T.V. *Raising the level of emotional intelligence on the basis of pedagogical self-management of a modern school teacher: Monograph. – Tver, 2017. – p. 9-10.*
7. Krasnov E.V. *Emotional intelligence in the personal regulation of decision-making dissertation for the degree of Candidate of Psychological Sciences. 19.00.01 – General psychology, personality psychology, history of psychology. - Moscow, 2018. – p. 67-68.*
8. . Russu E.I. *Emotional intelligence as an important and reliable predictor in determining personal and professional success among student teachers. The journal "Nauka i osvita", No. 1-2, 2013. – pp. 77-78.*
9. Shabanov S., Alyoshina A. *Emotional intelligence. Russian practice. Publisher: Mann, Ivanov and Ferber, 2022. – pp. 55-56.*
10. Sizikova M.V. *Empathy as a personal trait and professional quality of consulting psychologists with various practical experience. Summary of the dissertation for the degree of Candidate of Psychological Sciences of the Higher School of Economics (PhD HSE). – Moscow, 2018. – p. 18-19.*
11. Serafimovich I.V., Posysoev N.N. *Emotional intelligence – a predictor of a teacher's professionalism? Scientific journal "Educational policy".19.00.07 – Pedagogical psychology (psychological sciences). 2020, No. 2. – p.106-114.*